

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 660 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Z952200\_ Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы" 2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 507 U000507\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасында:  
реттік нөмірі 2-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:  
"Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрліктің Аэроғарыш комитеті";  
реттік нөмірі 4-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:  
"Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті";  
реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын: "5. Қазақстан Республикасының Электр және жылу энергиясын Энергетика және минералдық (жиынтық орнатылған жылу қуаты ресурстар министрлігі 100 Гкал/сағаттан астам жылу энергиясы көздерінен) өндіру, беру және тарату

өнеркәсіптік жарылу-өрттену қаупі

бар және тау-кен өндірістерін,  
электр станцияларын, желілері мен  
кіші станцияларын, гидротехника  
құрылыстарын, магистральды  
газ-мұнай өнімдері құбырларын,  
көтергіш құрылыстарын, сондай-ақ  
қысым күшімен жұмыс істейтін  
қазандықтарды, сауыттар мен  
өткізгіш құбырларды пайдалану,  
мұнай мен газға арналған бұрғылау  
жұмыстары

химия, бұрғылау, мұнай-газ

кәсіпшілігі, геологиялық барлау,  
тау-кен - шахта, металлургия,  
энергетика жабдықтарын,  
жарылудан қорғалған  
электротехникалық жабдықтарды,  
аппаратура мен бақылау  
жүйелерін, апаттан қорғану, дабыл  
мен көтергіш құрылыстарын,  
сондай-ақ қысым күшімен жұмыс  
істейтін қазандықтарды, сауыттар  
мен өткізгіш құбырларды  
жобалау, дайындау, монтаждау  
(өндірісті пайдалану кезеңінде)  
және жөндеу

электр энергиясын қайта сату

мақсатында сатып алу

тұрғын-үй және коммуналдық-

тұрмыстық объектілерді  
газдандыру жөніндегі өндіріс және  
жөндеу жұмыстары

минералдық шикізатты қайта

өңдеу

уларды өндіру, қайта өңдеу,

тасымалдау, сатып алу, сақтау,  
сату, пайдалану және жою";

реттік нөмірі 7, 8, 9-жолдар алынып тасталсын;  
реттік нөмірі 6-жолдағы 3-бағанның екінші абзацы "монтажы" деген  
сөзден кейін "(өндірісті пайдалану кезеңіне дейін)" деген сөздермен  
толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК